

"Қазақстан Халық Банкінің
өмірді сақтандыру бойынша
"Халық-Life"
еншілес компаниясы"
акционерлік қоғамы



Акционерное общество
"Дочерняя компания
Народного Банка Казахстана
по страхованию жизни
"Халык-Life"

Мақұлданды
"Халық-Life" АҚ
Басқармасының шешімімен

(2021 жылғы 12 ақпандағы отырыстың
№ 11 хаттамасы)

13.03.2021 бастап қолданысқа енгізіледі

Бекітілді
"Халық-Life" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен

(Директорлар кеңесі мүшелерінің 2021
жылғы 25 ақпандағы № 14 сырттай
дауыс беру хаттамасы)

**Өмірді мерзімді жеке сақтандыру
ЕРЕЖЕСІ
("Амулет-Life" сақтандыру бағдарламасы)**

Алматы қ. 2021

Құжаттың мазмұны

1-бөлім. Жалпы ережелер	4
1-тарау. Қолданылу мақсаты мен саласы.....	4
2-тарау. Терминдер мен қысқартулар	4
2-бөлім. Сақтандыру шартының ерекшелігі	7
3-тарау. Сақтандыру шартының мәні.....	7
4-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі.....	7
5-тарау. Сақтандыру ережесіне сәйкес жасалатын сақтандыру шартының ерекшеліктері.....	8
6-тарау. Медициналық тексеру	9
3-бөлім. Өмірді мерзімді жеке сақтандыру	10
7-тарау. Сақтандыру жағдайы.....	10
8-тарау. Үшінші тұлғаны сақтандыру	10
9-тарау. Сақтанушыны ауыстыру	11
10-тарау. Пайда алушы	11
11-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.....	12
12-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен аумағы	13
13-тарау. Сақтандыру сомасы	14
14-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) мөлшері, төлеу тәртібі мен мерзімі	14
15-тарау. Сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін кешіктіру.....	14
16-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері.....	15
17-тарау. Сақтандыру жағдайы басталғанда Сақтанушының әрекеті, сақтандыру төлемін жүргізу шарттары мен тәртібі.....	15
18-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін төлеуден босатудың негіздемелері	17
19-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату жағдайлары	19
20-тарау. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу жағдайлары мен тәртібі	19
4-бөлім. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда сақтандыру.....	20
21-тарау. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда сақтандырудың негізгі ережелері.....	20
22-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі	21
23-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар.....	21
24-тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері	22

25-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі тараптардың өзара қарым-қатынасына қатысты Сақтанушының (Пайда алушының) әрекеті және өзге ережелер	22
5-бөлім. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға дене жарақатын алған жағдайда сақтандыру.....	23
26-тарау. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға дене жарақатын алған жағдайда сақтандырудың негізгі ережелері.....	23
27-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі.....	24
28-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар.....	24
29-тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері	25
30-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі тараптардың өзара қарым-қатынасына қатысты Сақтанушының (Пайда алушының) әрекеті және өзге ережелер	26
6-бөлім. Алғаш рет Сақтандырылған тұлғаға ауыр аурудың диагнозы қойылған жағдайда сақтандыру.....	28
31-тарау. Алғаш рет Сақтандырылған тұлғаға ауыр аурудың диагнозы қойылған жағдайда сақтандырудың негізгі ережелері.....	28
32-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі.....	29
33-тарау. Ауыр ауру.....	29
34-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар.....	30
35-тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері	32
36-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі тараптардың өзара қарым-қатынасына қатысты Сақтанушының (Пайда алушының) әрекеті және өзге ережелер	33
7-бөлім. Қорытынды ережелер	35
37-тарау. Сақтанушының орналасқан жері немесе тұрғылықты жерінің өзгеруі	35
38-тарау. Қосымша шарттар	35

1-бөлім. Жалпы ережелер

1-тарау. Қолданылу мақсаты мен саласы

1. «Қазақстан Халық Банкі өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life" еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы осы Өмірді мерзімді жеке сақтандыру ережесіне сәйкес (бұдан әрі – Сақтандыру ережесі) жазатайым оқиғадан сақтандыруға және ауыр аурумен ауырған жағдайда ерікті түрде сақтандыруға қатысты талаптармен жеке және заңды тұлғалармен "Амулет-Life" өмірді мерзімді жеке сақтандыру шартын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасайды.

2-тарау. Терминдер мен қысқартулар

2. Сақтандыру ережесінде Сақтандыру ережесін іске асыру мақсатында келесі негізгі ұғымдар қолданылады:
 - 1) Пайда алушы - сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
 - 2) сақтандыру жылдары – Сақтандыру полисі шығарылған күннен басталатын (сақтандырудың бірінші жылы) немесе Полиске бір жыл толғаннан (сақтандырудың кейінгі жылдары) бастап күнтізбелік жыл (он екі айлық);
 - 3) Сақтандырылған тұлға – оған қатысты сақтандыру жүргізілетін тұлға;
 - 4) жалған мәліметтер – сақтандыру шарты жасалатын күні шындыққа (шынайы мәліметтерге) сәйкес келмейтін Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға сақтандыру өтінішінде ұсынған мәліметтер;
 - 5) жазатайым оқиға – сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термикалық әсерлердің Сақтандырылған тұлғаның ағзасына әсер етуінен, оның денсаулығына зиян әкелген, мертігуіне немесе өліміне әкелген, адамның еркінен тыс оқыс, қысқа уақытта орын алған оқиға (жағдай);
 - 6) Сақтандыру полисі/Полис – сақтандыру шартында және Сақтандыру ережесінде көрсетілген талаптарда сақтандыру шартының жасалуын растайтын, Сақтандырушы Сақтанушыға беретін құжат. Сақтандыру ережесінің шарттарын іске асыру мақсатында сақтандыру полисі мына түрлерге бөлінеді:
 - түпнұсқалы Полис – Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру шартын жасағанда берілетін полис;
 - жаңартылған Полис – Сақтандырушы Сақтанушыға, алдында берілген Полис орнына, сақтандыру шартына кейбір өзгерістерді және/немесе толықтыруларды енгізгенде берілетін полис;
 - 7) кейінге қалдыру мерзімі – Сақтанушы мерзімі кешіктірілген сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті кезең.
 - 8) кәсіби түрде спортпен шұғылдану – жаттығу жүктемелері қарастырылатын және бұдан кейін де спорттық жарыстарға қатысуды болжайтын және ол жерде спортшы дайындалғаны және қатысқаны үшін сыйақы алуы қарастырылатын физикалық жаттығулармен байланысты жүйелі түрде белгілі бір спорт түрімен айналысу;
 - 9) спорттық жарыстар – регламентке ие, қатысу ережелері және басқа да жарысты ұйымдастыру үшін қажетті белгілері бар бірнеше қатысушының (команданың) жарысқа қатысуын қарастыратын ұйымдастырылған іс-шара;

- 10) Сақтанушы - Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасаған тұлға;
- 11) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде пайдасына сақтандыру шарты жасалатын тұлғаға (Пайда алушыға) шартта белгіленген сома шегінде (сақтандыру сомасы) сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;
- 12) сақтандыру төлемі – Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру жағдайы орын алғанда төлейтін ақша сомасы;
- 13) сақтандыру сыйақысы (сақтандыру жарналары) – Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысының сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жасау міндеттемесін алғаны үшін оған төлеуге міндетті ақша сомасы. Сақтандыру шартында сақтандыру сыйақысын біржолғы төлеммен немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеумен жүргізіледі;
- 14) сақтандыру сомасы – сақтандыру нысаны сақтандырылған және сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 15) сақтандыру жағдайы – орын алуына байланысты сақтандыру шартының талаптарында қарастырылған тәртіпте сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қарастыратын оқиға;
- 16) сақтандыру мүддесі – Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) тәуекелдерді болдырмау және сақтандыру жағдайының орын алуына жол бермеудегі мүліктік мүддесі;
- 17) дене жарақаты – Сақтандырылған тұлғаның ағзасына сыртқы механикалық, термикалық, электр немесе химиялық әсердің салдарынан туындайтын ұлпалардың, органдардың немесе тұтастай ағзаның зақымдалуы;
- 18) кәмелетке толмаған баланың заңды өкілдері – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беретін, тәрбие беретін, баланың құқықтарын және мүддесін қорғайтын ата-аналары (ата-анасы), асырап алушылары (асырап алушысы), қамқоршысы немесе жанашыры, өгей ата-анасы (өгей ата-аналары), патронаттық тәрбиелеушілер мен оның орнын басатын өзге де тұлғалар;
- 19) Сақтандыру ережесіне сәйкес Сақтандырылған тұлғаның қауіпті (экстремальды) әрекеттері деп мыналар қабылданады:
- гидроциклмен жарысу, оны айдау, міну. Гидроцикл (суда жүзетін мотоцикл) – су бетінде глиссирлеу арқылы қозғалуға арналған, ішкі жағы жанатын тұрақты қозғалтқышы бар жылдам дербес су көлігі (жүзу құралы);
 - тауға шығу туризмі (альпинизм);
 - парашютпен секіру;
 - "серіппелі ағашаяқпен" — джампермен жүгіру және секіру;
 - вейкбордпен, маунтинбордингпен жүру, міну (скейтбордингтің түрлері, тақтаның дөңгелектері үлкен, табиғи ландшафтқа мінуге болады);
 - матадан жасалған қанаты бар арнайы костюммен ұшу (вингсьютинг);

- желкенді тақталармен түсу, жарысу, міну;
- арнайы велосипедтерде трюктер немесе кросс орындау (Bicycle Moto Cross (BMX));
- суға аквалангпен тереңдеу;
- дельтапланмен, мотodelьтапланмен және олардың түрлерімен ұшу;
- қырдан мөлдір шармен (зорбе) түсу;
- спортшы сүйреткіш ауа жыланын (кайт) ұстап тұратын және басқаратын ауырлық күшінің әсерімен су бетінде қозғалу;
- жүзу құралдарының көмегісіз өзен арнасын меңгеру;
- бір орындық шағын кемеде (қайықта) ағызу;
- асфальт бетімен ұзын тақтада түсу (скейтке қарағанда жылдамырақ және бірқалыптырақ тебу үшін);
- таудан арнайы велосипедпен түсу (Маунтинбайк);
- парапланмен, мотопарапланмен және олардың түрлерімен ұшу;
- Pogo stick ("Шегіртке") секіру, сондай-ақ серіппесі, тұтқасы, басқысы мен негізгі платформасы бар секіруге арналған құрылғы – пого-стик деген атаумен белгілі;
- табиғи және (немесе) жасанды кедергілерден өтетін үрленетін қайықпен тау өзендерімен ағызу;
- жоғары объектілерден арнайы сақтандыру жібiмен секіру (Роуп-джампинг, банджи-джампинг, "тарзанка");
- биік ғимараттардың шығуға қиын және қауіпті төбелеріне сақтандырусыз шығу;
- сёрфинг тақтасын немесе қысқа ласттарды және арнайы қолғаптарды қолдана отырып толқынмен сырғанау;
- адамның құралдары қалыпты емес күш жаттығуларын орындауы, мысалы, автокөлікті көтеру (Күш экстрим);
- табиғи немесе жасанды рельефке шығу (Күзға шығу);
- скейтбордта (роликті тақта) трюк орындау;
- қар басқан баурайдан және таудан арнайы шаңғымен, арнайы құралмен, сноубордпен түсу, тебу;
- шаңғыдағы, сноубордтағы немесе конькидегі ұстап тұратын кайттың көмегімен қар басқан жерлерде немесе мұзда сырғану;
- құмда сноубордпен жүру. Көбінесе құм карьерінде немесе шөл далада жүзеге асырылады;
- үңгірден өту туризмі (спелеология);
- мотоциклді трюк жасай отырып айдау;
- кедергілерді велосипед, мотоцикл немесе жүк көлігі арқылы меңгеруге байланысты спорт шараларына қатысу (Триал);

- асфальт баурайдан арнайы құралмен түсу (фрибордпен);
- трюкті орындай отырып шығыршықты коньки тебу (Роллерблейдинг);
- әдетте, дайын тас жолынан тыс табиғи қырдан және таудан түсу, міну (Фрирайд: тау шыңғысы және сноуборд, вело фрирайд);
- жекпе-жек – жеңімпазды анықтау мақсатында екі қатысушы айкаста тек дене күшін немесе әртүрлі спорт жабдығын және/немесе суық қаруды пайдалана отырып, бір-біріне білекпен қарсыласатын спорт жарысының түрі;
- аңшылық;
- атқа міну және кез келген жануарды пайдалана отырып жүру;
- әуе шарымен, аэростатпен, планермен және олардың түрлерімен ұшу;
- авто, мото және әуе спорт сабақтарының барлық түрлері;
- кез келген спорт жарыстарына қатысу;
- сондай-ақ жоғарыда аталған әрекет түрлері мен спорт сабақтарының өзге де барлық түрлері

2-бөлім. Сақтандыру шартының ерекшелігі

3-тарау. Сақтандыру шартының мәні

3. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру шартында қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге міндетті, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда сақтандыру төлемін сақтандыру шартында қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге міндетті.
4. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру объектісі ретінде – Сақтандырылған тұлғаның Сақтандыру шартында бекітілген сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруіне, сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан Сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруіне байланысты Сақтанушының (Пайда алушының) мүліктік мүдделері қолданылады. Сақтанушының заңға қайшы келетін мүдделері сақтандыруға жатпайды.

4-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

5. Сақтандыру шарты Сақтанушының Сақтандырушы бір жақты тәртіпте (қосылу шарты) әзірлеген үлгі шарттарға (Сақтандыру ережелеріне) қосылуы және Сақтандырушының Сақтанушыға Полис беруі арқылы жазбаша нысанда жасалады. Бұл ретте Сақтанушының сұрауы бойынша берілетін Полиске Сақтандыру ережесінің көшірмесі қоса беріледі. Осы құжаттар (Полис және Сақтандыру ережесінің көшірмесі) бірге Сақтандыру шарты болып табылады. Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шартын электронды үлгіде жасауға рұқсат етіледі, бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушыға электрондық Полис береді.
6. Сақтандыру шартын жасау үшін Сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы) Сақтандыру ережесімен танысуға және Сақтандырушы белгілеген үлгі бойынша оған Сақтандыруға өтініш беруге міндетті.

7. Сақтандыру шартын жасауға тілек білдірген тұлға (Сақтанушы) сақтандыру жөніндегі өтінішінде (не Сақтандыру шартына байланысты Сақтандырушының жазбаша сұратуына сәйкес тиісті құжатта) сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын анықтау үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
8. Сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығына және сақтандыруға арналған өтініште немесе шарт жасау кезеңінде Сақтанушыға жіберілген Сақтандырушының жазбаша сұрау салуларында көрсетілген ықтимал шығындардың мөлшеріне әсер етуі мүмкін жағдайлар маңызды деп танылады.
9. Егер сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушының Сақтандырушыға осы Тараудың 8-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы. Егер Сақтанушы айтпаған мән-жайлар өтіп кеткен болса, Сақтандырушы шартты жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
10. Сақтанушының Сақтандыру ережесіне қосылу жолымен Сақтандыру шартын жасауға келісімі Сақтандырушыға сақтандыруға өтініш беруі және Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеумен расталады. Сақтандыруға өтінішті алу Сақтандырушыны сақтандыру шартын жасауға міндеттемейді. Сақтандырушының сақтандыру шартын жасауға келісімі онда көрсетілген сақтандыру талаптарымен Сақтандыру полисін шығаруымен расталады.
11. Сақтандыруға жатпайды: психоневрологиялық диспансерде есепте тұратын тұлғалар; қылмыс жасағаны үшін еңбекпен түзету мекемелерінде жазасын өтеп жүрген тұлғаларға; оларға тәуекелді жекелеген бағалау барысында андеррайтерлер қабылдаған тұлғаларды қоспағанда, мүгедектер; Сақтандырушының андеррайтерлері алып тастаған тұлғалар жатпайды. Сақтандыру ережесінің осы тармағында көрсетілген тұлғаларға қатысты жасалған, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы осындай шарт жасалған күннен бастап күшіне енген болып табылады. Осы тармаққа сәйкес сақтандыру шарты бұзылатын болады, бұл ретте сақтандыру сыйақысының төленген сомасы, Сақтандырушыға келтірілген сақтандыру сыйақысының 20% (жиырма) аспайтын шығыстарын шегере отырып, қайтарылады.
12. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін сақтандыру өтініші және Сақтандыру ережесінде анық ескерілген өзге де құжаттар Сақтандыру артының ажырамас бөлігі болып табылады.

5-тарау. Сақтандыру ережесіне сәйкес жасалатын сақтандыру шартының ерекшеліктері

13. 3-бөлімде берілген Сақтандыру ережесінің талаптары өмірді мерзімді жеке сақтандыруға қатысты қолданылады. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартына жазатайым оқиғалардан сақтандыруға және ауыр аурумен ауырған жағдайда сақтандырудың қосымша талаптары енгізілуі мүмкін. Бұл ретте, осы талаптар сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болады.

14. Сақтандыру шартының қосымша шарттары, егер Полисте Сақтандыру шартына сонымен қатар қосымша сақтандырулар кіреді деп тікелей түрде қарастырылған жағдайларда ғана әрекет ететін болады.
15. Сақтанушы Сақтандыру шартына қосымша талаптарды қосу үшін Сақтандырушыға Сақтандырушы бекіткен нысан бойынша беретін сақтандыру туралы өтініште бұл жайлы көрсетуге міндетті. Сақтандырушының Сақтандыру шартына қосымша талаптарды қосуға келісімін берген кезде, Сақтандырушы Сақтандыру ережесінде анықталған, тәртіпте тиісті мәліметтерді көрсету арқылы Сақтанушыға Полис береді.
16. Кез келген жағдайда, Сақтандыру ережесінің 4-6-бөлімінде көрсетілген талаптар өмірді жеке мерзімді сақтандыру бойынша Сақтандыру шартының талаптарына (сақтандыру ережесінің 3-бөлімі) қатысты қосымша болып табылады және көрсетілген соңғы талаптарсыз Сақтандыру шартына енгізілмейді.
17. Жазатайым оқиғалардан сақтандыру және ауыр аурумен ауырған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының қосымша талаптарына мыналар кіреді:
 - 1) жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда сақтандыру;
 - 2) жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға дене жарақатын алған жағдайда сақтандыру;
 - 3) Сақтандырылған тұлғаға ауыр аурудың диагнозы алғаш рет қойылған жағдайда сақтандыру.
18. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы жағдайында сақтандыруды, жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаның дене жарақатын алған жағдайда сақтандыруды, Сақтандырылған тұлғаға ауыр аурудың диагнозы алғаш рет қойылған жағдайда сақтандыруды бірге және әрқайсысын бөлек таңдай алады.
19. Сақтандыру ережесінің 4-бөлімінде көрсетілген талаптар, жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты қолданылады.
20. Сақтандыру ережесінің 5-бөлімінде көрсетілген талаптар, жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға дене жарақатын алған жағдайда сақтандыруға қатысты қолданылады.
21. Сақтандыру ережесінің 6-бөлімінде көрсетілген талаптар, Сақтандырылған тұлғаға ауыр аурудың диагнозы алғаш рет қойылған жағдайда сақтандыруға қатысты қолданылады.
22. Сақтандыру ережесінің 3-бөлімінде көрсетілген талаптар, егер басқасы соңғысымен тікелей көзделмесе, Сақтандыру ережесінің 4, 5 және 6-бөлімінде көрсетілген шарттарға қатысты қолданылады.

6-тарау. Медициналық тексеру

23. Сақтандыру шартын жасаған кезде Сақтандырушы сақтандырылатын тұлғаға (Сақтандырылған тұлға) оның денсаулығының нақты күйін бағалау үшін Сақтандырушының осындай тексеруге арналған медициналық мекемесінде медициналық тексеруді тағайындауға құқылы. Сақтандырылатын тұлға

(Сақтандырылған тұлға) медициналық тексеруден өтуден бас тартқан жағдайда Сақтандырушы сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.

24. Медициналық тексеру сақтандыру шартын жасасуға ниет білдірген тұлғаның (Сақтанушының) не сақтандырылатын тұлғаның (Сақтандырылған тұлға) есебінен жүргізіледі. Сақтандыру шарты медициналық тексеруден кейін жасалған жағдайда, Сақтандырушы медициналық тексеру бойынша шығыстарды медициналық тексеру төлемін, растаушы құжаттарда көрсетілген мөлшерде өтейді
25. Егер медициналық тексеру Сақтандырушының осындай тексеруге белгіленген медициналық мекемесінен өзге медициналық мекемеде өткізілген болса, онда медициналық тексеру шығындары Сақтандырушының осындай тексеру үшін белгілеген тәрізді медициналық мекемесіндегі медициналық тексеру құнының шектерінде ғана өтеледі.
26. Егер сақтандыру шарты жасалмаса немесе сақтандыру шартында белгіленген мерзімде алғашқы сақтандыру жарнасы төленбеген немесе толығымен төленбеген болса, онда Сақтандырушы медициналық тексеру шығындарын өтемейді.

3-бөлім. Өмірді мерзімді жеке сақтандыру

7-тарау. Сақтандыру жағдайы

27. Өмірді мерзімді жеке сақтандыру бойынша сақтандыру арқылы қорғауының әрекет ету мерзімінде орын алған, Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы сақтандыру жағдайы болып табылады.
28. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға келесі белгілерден тұруы тиіс:
 - 1) оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;
 - 2) оқиғаның нақты болған уақыты мен орнына, сондай-ақ оқиғаның орын алу нәтижесінде зиянның мөлшеріне қатысты болжамсыздық;
 - 3) оқиға шарттың әрекет ету шегінде өтетіні сөзсіз және объективті өтуі тиіс қаупінің болмауы, және ол туралы тараптар, ең болмағанда сақтанушы алдын ала білген немесе алдын ала ескертілген болуы тиіс;
 - 4) оқиғаның басталуы сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның, пайда алушының) мүлктік мүддесі үшін кері, тиімсіз экономикалық салдарының болуы;
 - 5) оқиғаның басталуы сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның, пайда алушының) еркімен және(немесе) пиғылымен байланысты емес және пайда табу және (немесе) ұтыс алу (алып сатарлық тәуекел) мақсатын көземейді.

8-тарау. Үшінші тұлғаны сақтандыру

29. Егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болмаса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру шартын жасауға жазбаша келісімін беруге міндетті.
30. Егер он төрт жасқа толмаған (сақтандыру шартын жасаған күні) кәмелет жасқа толмаған Сақтандырылған тұлғаның заңды өкілі Сақтанушы болып табылса, осы Тараудың 29-тармағының шарттары қолданылмайды.

9-тарау. Сақтанушыны ауыстыру

31. Сақтанушы, басқа тұлғаның, Сақтандырылған тұлғаның және Сақтандырушының келісімімен сақтандыру шартында айқындалған барлық құқықтары мен міндеттерін сол тұлғаға беруге құқылы. Мұндай құқықтар мен міндеттерді беру үшін Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және Сақтанушының құқықтық мирасқорының (сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының құқықтары мен міндеттерін қабылдайтын тұлға) қолдары қойылған Сақтанушыны ауыстыруға өтінішті Сақтандырушыға беру қажет. Сақтанушының өзгеруі Сақтандыру ережесінің талаптарына сәйкес сақтандыру шартына енгізілетін тиісті өзгерістер мен толықтырулар күшіне енген күннен бастап жарамды болады.
32. Сақтандырылған тұлғаға болып табылмайтын, Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, сақтандыру шартында айқындалатын құқықтар мен міндеттер, оның келісімімен, Сақтандырылған тұлғаға өтеді. Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру шарты бойынша міндеттерді орындауы мүмкін болмаған кезде, оның құқықтары мен міндеттері заңнамалық актілерге сәйкес оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асыратын тұлғаларға (заңды өкілдер, бала асырап алушылар, қорғаншылар, қамқоршылар) өтеді.
33. Сақтандырылған тұлға немесе заң актілеріне сәйкес, оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді (заңды өкілдер, бала асырап алушылар, қорғаншылар, қамқоршылар) жүзеге асыратын тұлғалар сақтандыру шарты бойынша құқықтар мен міндеттерді қабылдаудан бас тарқан жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға алдын ала жазбаша хабарламада көрсеткен тұлға, ал мұндай хабарлама болмаған кезде – Сақтанушының мұрагерлері сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының құқықтық мирасқоры болып табылады.

10-тарау. Пайда алушы

34. Егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болмаса, Пайда алушыны (немесе сақтандыру сомасындағы үлесі көрсетілген бірнеше Пайда алушыларды) Сақтанушы сақтандыруға өтініште Сақтандырылған тұлғаның келісімімен көрсетеді.
35. Сақтанушы сақтандыру жағдайы орын алғанға дейін, бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлай отырып, Сақтандырылған тұлға болып табылмайтын Пайда алушыны ауыстыруға құқылы. Пайда алушыны ауыстыру Сақтандыру ережесінің талаптарына сәйкес сақтандыру шартына енгізілетін тиісті өзгерістер мен толықтырулар күшіне енген күннен бастап жарамды болады.
36. Пайда алушы, Пайда алушының Сақтанушымен жасасқан келісімінен туындайтын сақтандыру шарты бойынша белгілі бір міндеттемелерді орындағаннан кейін немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты қоюына байланысты басқа тұлғамен алмастырыла алмайды.
37. Сақтандырылған тұлға болып табылмайтын Пайда алушы қайтыс болған жағдайда немесе Пайда алушы өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда, оның құқықтары Сақтанушыға өтеді, ал егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болса – заңнамада белгіленген Сақтанушының мұрагерлеріне тәртіпте өтетін болады.
38. Егер Пайда алушы және Сақтандырылушы бір уақытта (бір күнде) қайтыс болатын болса, онда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі Пайда алушы Сақтандырылған тұлғадан бұрын қайтыс болған жағдайдағыдай орындалатын болады (осы Тараудың 37-тармағы).

11-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

39. Сақтанушы құқылы:

- 1) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 2) Сақтандырушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылдаған міндеттемелерді орындауды талап етуге;
- 3) Сақтандырушыдан сақтандыру талаптарын, сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттемелерін түсіндіруді талап етуге;
- 4) сақтандыру шартында қарастырылған жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;
- 5) Полисті жоғалтып алған жағдайда, Полистің телнұсқасын алуға, бұл ретте сақтандыру полисінің телнұсқасының нөмірі жоғалған сақтандыру полисінің нөмірімен бірдей болуы керек.

40. Сақтанушы міндетті:

- 1) сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге;
- 2) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелі жағдайы туралы ақпарат беруге;
- 3) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы басталғаны туралы дереу, бірақ кез келген жағдайда, сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін 40 (қырық) күнтізбелік күннен кешіктірмей ескертуге. Егер Сақтанушыда (Пайда алушыда) дәлелді себептермен Сақтандырушыға жоғарыда көрсетілген мерзімде сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы хабарлауға мүмкіндік болмаса, ол уақытылы хабарламаудың себебін көрсетумен түсініктеме беруге және бар болған жағдайда, құжаттармен растауға міндетті. Бұл ретте, егер Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы туралы ескертпеу немесе уақытылы ескертпеу Сақтанушының еркінен тыс себептерге негізделген болса және ол деректі растайтын тиісті құжаттар ұсынылса, мұндай жағдайда ескертпеу немесе уақытылы ескертпеу Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасаудан бастартуға негіз бола алмайды.

Сақтанушының еркінен тыс жағдаяттар, атап айтсақ: еңсерілмейтін күштер жағдаяты, яғни осы жағдай бойынша төтенше және алдын алу мүмкін емес (форс-мажор) жағдайлары, соларға кіретін, бірақ мұнымен шектелмейтін: апаттық құбылыстар, соғыс қимылдары және т.б. хабарламау немесе уақытылы хабарламаудың орынды себебі болып табылады.

- 4) егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болмаса, Сақтандырушыға Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру шартын жасауға жазбаша келісімін беруге;
- 5) осы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру.

41. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтандыру ережесінде қарастырылған талаптар бойынша сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 2) Сақтанушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылдаған міндеттемелерді орындауды талап етуге;
- 3) сақтандыру жағдайының басталу жағдаяттары мен себептерін тексеруге;

- 4) кез келген уақытта Сақтандырылушының денсаулығының жағдайы туралы анықтаманы және уәкілетті мемлекеттік органның қайта куәландырудың нәтижелерін талап етуге.
- 5) жылына бір рет, Сақтандырушы тағайындаған дәрігерлермен Сақтандырылған тұлғаның қосымша медициналық тексеруін (Сақтандырылған тұлға Қазақстан Республикасынан тыс жерде болған жағдайда көлік шығындарын қоспағанда) Сақтандырушының қаражаты есебінен жүргізуге, оның ішінде уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген мүгедектік тобын тексеру үшін;
- 6) медициналық-әлеуметтік сараптамалық комиссия қызметкерлерінің негізсіз жасаған қорытындысына және/немесе мемлекеттік уәкілетті органдардың қызметкерлерінің мүгедектік туралы құжаттарды заңсыз бергені үшін шағым жасауға.

42. Сақтандырушы міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайы орын алғанда сақтандыру төлемін сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте, мерзімде және шарттарда жасауға;
- 2) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 3) Сақтанушыны Сақтандыру ережесімен таныстыруға және оның талабы бойынша Сақтандыру ережесінің көшірмесін беруге (жіберуге), сонымен қатар сақтандырудың барлық талаптарын, Сақтанушының сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
- 4) сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарлама алған кезде оны дереу тіркеуге және Сақтанушыға тізім мен қабылдаған күні көрсетілген, құжаттарды қабылдау туралы анықтаманы беруге;
- 5) Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы) немесе олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтанушыдан құжаттарды қабылдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жетіспейтін құжаттар туралы оларды хабарлауға.

12-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен аумағы

43. Сақтандыру шарты сақтандыру сыйлықақысы/бірінші сақтандыру жарнасы толық мөлшерде төлеген кезде, Сақтандырушы Полисті шығарған, Полистің "Полисті жасау (шығару) күні" деген кесте жолында көрсетілген күннен бастап күшіне енеді.
44. Егер Сақтандыру шарты күшіне енетін сәтке бірінші сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) толық төленген болса, Сақтандыру полисінде басқаша көрсетілмесе, сақтандыру арқылы қорғау (сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесі) полис шығарылған күннен кейінгі келесі күні әрекет ете бастайды.
45. Егер Полис шығарылған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде бірінші сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) төленбесе немесе толық төленбесе, Сақтандырушы сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы және шарт өз күшіне енбеген болып табылады. Сақтандырушы осы себептен сақтандыру шартын жасасудан бас тартқан кезде, Сақтанушыға бұл жайлы хабарлауға және төлем жүргізілген кезде, Сақтанушыға толық төленбеген, Сақтанушы төлеген сома мөлшерінде бірінші сақтандыру жарнасын (немесе сақтандыру сыйлықақысын) қайтаруға міндетті.

46. Сақтандыру арқылы қорғаныс Қазақстан Республикасының аумағында, сонымен бірге одан тыс жерде әрекет етеді.

13-тарау. Сақтандыру сомасы

47. Сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.

14-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) мөлшері, төлеу тәртібі мен мерзімі

48. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын бір мезгілде немесе мөлшері Полисте көрсетілген, мерзімді сақтандыру жарналары (жылдық, жарты жылдық, тоқсандық, айлық) түрінде бөліп-бөліп төлейді.
49. Көрсетілген кезеңділік (жылдық, жарты жылдық, тоқсандық, айлық) Полис шығарылған күннен бастап есептеледі.
50. Сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) Полисте көрсетілген, Сақтандырушының банктік шотына қолма-қол ақшасыз төлеммен төленуі мүмкін.
51. Сақтанушының есеп-айырысу шотына сақтандыру жарнасын төлеуге немесе аударуға байланысты шығындар мен тәуекелдер үшін Сақтанушы жауапты болады.
52. Айлық кезеңдердің басы түпнұсқа Полиске қол қойған күнмен сәйкес келетін күндерге тура келеді. Егер ағымдағы күнтізбелік айда түпнұсқа Полиске қол қою күні болмаса, онда айлық кезеңнің басталуы осы айдың жақын кезектегі күндерінің біріне тура келетін болады.
53. Тоқсандық кезеңдердің басталуы әрбір сақтандыру жылындағы бірінші, төртінші, жетінші және оныншы айлық кезеңдердің басына сәйкес келетін болады. Жарты жылдық кезеңдердің басталуы әрбір сақтандыру жылындағы бірінші және жетінші айлық кезеңдердің басына сәйкес келетін болады.
54. Сақтанушы әрбір сақтандыру жарнасы сәйкес келетін кезең басталғанға дейін аталған сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті. Басқалай жағдайда, сақтандыру жарнасының мерзімі өтіп кеткен болып есептеледі.
55. Сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарналары) уақтылы төлемеген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыдан төлемді кешіктерген әрбір күн үшін мерзімінде төленбеген сомадан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.
56. Сақтанушы Сақтандырушымен келісе отырып, сақтандыру жарналарын төлеу мерзімділігін полиске бір жыл толған кезде өзгертуге құқылы.
57. Сақтандыру жарналарын төлеу кезеңділігін өзгерткен кезде Сақтанушы міндетті:
- 1) Сақтандырушыға осындай өзгертулер әрекет етуді бастаған күнге дейін, осы өзгертулер туралы хабарлауға;
 - 2) Сақтандырушыға тиесілі кезекті сақтандыру жарнасын, Сақтанушы тандаған кезеңдікке сәйкес мөлшерде төлеуге.

15-тарау. Сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін кешіктіру

58. Сақтандыру жарнасын белгіленген мерзімде алмаған Сақтандырушы (бірінші сақтандыру жарнасын қоспағанда) Сақтанушыны сақтандыру жарнасын төлеу қажеттілігі туралы хабардар етуге міндетті.

59. Хабарламада келесілер болуы тиіс:

- 1) сақтандыру сыйлықақысы кейінге қалдырылатын кезең (сақтандыру жарнасы төленуі қажет кезең);
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде сақтандыру жарнасын төлеу мерзімі кешіктірілгені үшін өсімпұл мөлшері;
- 3) сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін кейінге қалдыру кезеңі ішінде сақтандыру жарнасы төленбеген жағдайда, Сақтандырушының Сақтандыру шартын біржақты тәртіпте бұзуға құқылы туралы ақпарат.

60. Сақтандыру жарнасын кейінге қалдыру мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кем болмауы тиіс.

61. Сақтанушыға сақтандыру жарнасын төлеу қажеттілігі туралы хабарлама, кейін жіберілімді растауға болатын тәсілмен жіберіледі.

62. Кейінге қалдыру кезеңінде сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті болады, бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушының берешек сомасын сақтандыру төлемінің мөлшерінен ұстап қалуға құқылы (мерзімі кешіктірілген сақтандыру жарнасының сомасы мен сақтандыру жағдайы басталғанға дейін есептелген, сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін кешіктіргені үшін өсімпұл сомасы).

63. Сақтанушы сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін кейінге қалдыру кезеңінде сақтандыру жарнасын төлемеген жағдайда (біріншісін қоспағанда), сақтандыру шарты біржақты тәртіпте бұзылады.

16-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері

64. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жүзеге асыруға міндетті сақтандыру төлемінің мөлшері Полисте көрсетілген сақтандыру сомасының мөлшеріне тең.

17-тарау. Сақтандыру жағдайы басталғанда Сақтанушының әрекеті, сақтандыру төлемін жүргізу шарттары мен тәртібі

65. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан кейін дереу, бірақ кез келген жағдайда күнтізбелік 40 күннен кешіктірмей оның басталғаны туралы Сақтандырушыға жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Егер Сақтанушының (Сақтандырылған тұлға) дәлелді себептер бойынша Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жоғарыда көрсетілген мерзімде хабардар етуге мүмкіндігі болмаса, ол уақтылы хабарламау себебі туралы жазбаша түсініктеме беруге және болған жағдайда мұны құжатпен растауға тиіс.

66. Сақтандыру арқылы қорғауы әрекет еткен кезде Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жазатайым оқиға орын алған кезде Сақтанушы/Пайда алушы Сақтандырушыға мынадай құжаттарды беруге міндетті:

- 1) барлық қосымшаларымен бірге Сақтандыру полисінің түпнұсқасы (телнұсқасы);
- 2) Пайда алушының жеке басын растайтын құжат, ЖСН;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелері: алушы банктің атауы, банктің БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шот

- 4) Пайда алушының сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын құжаттың нотариалды түрде куәландырылған көшірмесін (сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Пайда алушыны анықтамаса);
 - 5) Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы туралы куәліктің нотариалды түрде куәландырылған көшірмесі және қайтыс болу туралы анықтамалар;
 - 6) Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы туралы медициналық (дәрігерлік) куәлігінің көшірмесі (бар болған жағдайда);
 - 7) осы құжатты берген заңды тұлғаның мөрі басылған және қолы қойылған (егер сараптаманы немесе зерттеуді жүргізу Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерде қарастырылған болса) химиялық-токсологиялық зерттеу нәтижелерімен қайтыс болу себебі мен мән-жайы туралы сот-медициналық сараптама немесе патологоанатомикалық зерттеу қорытындысының көшірмесі;
 - 8) егер Сақтандырылған тұлға стационарда қайтыс болса, медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен және емдеу мекемесінің мөрімен бекітілген Сақтандырылған тұлғаның медициналық картасынан (сырқаттану тарихынан) үзінділердің көшірмелері;
 - 9) егер бар болса, берген мекеменің мөрі басылған амбулаторлық карта көшірмесі.
67. Сақтандырушы сонымен қатар келесі құжаттарды сұратуға құқылы:
- 1) берген мекеменің мөрімен расталған профилактикалық және медициналық тексеруінің қорытындысы;
 - 2) егер құқық қорғау органдарында Сақтандырылған тұлғамен болған оқиға (жазатайым оқиға) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалуы туралы мәселе қарастырылған болса, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды тіркеу дерегі бойынша анықтаманы талап етуге құқылы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіліміне (СДТБТ) тіркелген жағдайда – қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны немесе сот өкімін;
 - 3) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде орын алған болса, жол-көлік оқиғалары бойынша (оқиға орын алған жерді тексеру хаттамасы, жол-көліктік оқиғасының сызбасы, жол-көлік оқиғасының қатысушыларының түсініктемелері, мамандардың сараптамалық қорытындылары) берген мекеменің мөрімен куәландырылған материалдардың көшірмесі;
 - 4) Сақтандырылған тұлға қызметтік міндеттерін атқарған кезде жазатайым оқиға орын алғанда – өндірістегі жазатайым оқиға туралы акті немесе осын актінің нотариалды түрде куәландырылған көшірмесін;
 - 5) сақтандыру жағдайына қатысты және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған, Сақтандырушы сұратқан басқа құжаттарды.
68. Сақтандырушы осы Тараудың 66, 67-тармақтарында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап он бес күн ішінде біржолғы төлеммен сақтандыру төлемін жасауға

немесе сақтандыру төлемін жасаудан уәжді бас тартуын жазбаша түрде ұсынуға міндетті.

69. Сақтандырылған тұлға қайтыс болған дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдары немесе сот тиісті шешім қабылдағанша және бұл шешім заңды күшіне енген сәтке дейін сақтандыру төлемін кейінге қалдыруға құқылы.
70. Сақтандыру төлемі **Сақтанушы** (Пайда алушы) көрсеткен банктік шотқа жүргізіледі. Егер төлем немесе аударым Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын болса, төлем немесе сақтандыру төлемдері ақшасын аудару бойынша шығындар Сақтандырушы есебінен жүзеге асырылады.
71. Егер Пайда алушы он төрт жасқа дейінгі кәмелет жасына толмаған болса, онда Сақтандырушыға берілетін растайтын құжаттар негізінде сақтандыру төлемін алуға Пайда алушының заңды өкілі құқылы болады. Егер Пайда алушы он төрт жас пен он сегіз жас аралығындағы кәмелет жасына толмаған болса, онда сақтандыру төлемін алу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамалары арқылы реттеледі.
72. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін Сақтандырушыға осы Тарауда көрсетілген, құжаттардың түпнұсқалары беріледі немесе олардың нотариалды түрде куәландырылған көшірмелерін (басқасы көзделмесе). Сақтандырушының қалауы бойынша оған осы құжаттарды берген немесе түпнұсқалары бар заңды тұлғаның басқарушысы қол қойып, мөрмен куәландырылған құжаттардың көшірмелері беріледі.
73. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алынған құжаттарды оларды алған (қабылдаған) күнді көрсете отырып дереу тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) ұсынылған құжаттардың толық тізімін және оларды қабылдау күнін Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұратуы бойынша көрсете отырып анықтама беруге міндетті. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың жетіспеушілігі туралы хабарламаны жөнелтеді.
74. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері Сақтандыру ережесінің осы Тарауында көрсетілген барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.
75. Сақтандыру төлемін жасағанда, Сақтандырушы одан сақтандыру төлемі жасалған күні туындаған Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

18-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін төлеуден босатудың негіздемелері

76. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады, егер Сақтандырылған тұлғамен орын алған сақтандыру жағдайы сақтандыру арқылы қорғауының әрекет ету кезеңінде тікелей немесе жанама түрде төмендегі жағдайлардың нәтижесінде орын алған болса:

- 1) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жарақат әсері;
 - 2) әскери әрекеттермен, Сақтандырылған тұлғаның әскери құрылымдарда қызмет етуі;
 - 3) азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе көтеріліс;
 - 4) қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілікте жасалатын әрекеттер қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана әрекеттері;
 - 5) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және (немесе) Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;
 - 6) Сақтандырылған тұлғаның кез келген ұшу аппаратында ұшуы, оларға лицензияланған әуе компаниясының жолаушылар тасымалдау кемесі кірмейді;
 - 7) құзға шығумен, альпинизммен, парашютпен секірумен, аквалангпен суастында жүзумен айналысу, сонымен қатар раллиге, жарысқа, тау шаңғы спорт түрлерінен жарыстарға қатысу, кез келген спорттық шараларға, сонымен қатар кәсіпқой спортқа қатысу;
 - 8) медициналық мекемелердің білікті дәрігерлері тағайындаған дәрі-дәрмектерді қабылдау жағдайын қоспағанда, Сақтандырылған тұлғаның есірткі, токсикоманиялық немесе басқа да мастану күйінде болуы;
 - 9) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілер қолданылатын жағдайды қоспағанда, Сақтандырылған тұлғаның орташа және жоғары деңгейдегі алкогольді масандық жағдайда болуы, Сақтандырылған тұлғаның есірткілік, токсикоманиялық немесе сақтандыру жағдайының басталуына алып келген немесе онымен себеп-салдарлық байланыстағы өзге де масандық жағдайына ұшырауы;
 - 10) маскүнемдік, алкогольді қабылдаумен байланысты себепті-салдарлы байланысы бар аурулар, алкогольді жүйелі түрде қабылдауына байланысты бұл аурулардың дамуы.
77. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына негіздеме ретінде келесілер болуы мүмкін:
- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, Сақтандырылған тұлғаның денсаулығы туралы, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрнекі жалған мәліметтерді, сондай-ақ Сақтандыру ережесіне сәйкес Сақтандырушыға ұсынылуы тиіс өзге де мәліметтерді хабарлауы;
 - 2) сақтанушы сақтандыру жағдайының басталу мән-жайына тергеу жүргізген кезде сақтандырушыға кедергі келтіруі;
 - 3) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 835-бабында белгіленген талаптарда, Сақтандыру ережесінде белгіленген мерзімде хабардар етпеу.

78. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық бас тартуға құқылы, егер сақтандыру шарты сақтандыру жағдайы орын алған күнге қарай екі жылдан кем мерзімде әрекет етсе және Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы тікелей немесе жанама түрде төмендегі жағдайлардың нәтижесінде орын алған болса:
- 1) растаушы құжаттар бар болған кезде, Сақтандырылған тұлғаның өзіне-өзі қол жұмсауы немесе өзіне-өзі өлтірмек болғаны;
 - 2) растаушы құжаттар бар болған кезде, АИТВ-инфекциясы аурулары;
 - 3) растаушы құжаттар бар болған кезде, егер диагноз сақтандыру шарты жасалғанға дейін қойылса, қатерлі өскіннің пайда болуына байланысты аурулар.
79. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алуы туралы хабарламау, егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы уақтылы білгендігі дәлелденбеген болса немесе Сақтандырушыда ол туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жасау міндеттемелеріне қатысты болмаған жағдайда, сақтандыру төлемінен бас тартуға құқық береді.

19-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату жағдайлары

80. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтінішін ұсынғаннан кейін, кез келген уақытта сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.
81. Егер Сақтанушы сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтінішінде мерзімінен бұрын тоқтатылатын анағұрлым соңғы күнді көрсетпеген болса, Сақтандырушының аталған өтінішті алған күні сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату күні болып табылады.
82. Сақтанушы сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарнасы қайтарылмайды .

20-тарау. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу жағдайлары мен тәртібі

83. Сақтандыру шартына енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар сақтанушы сақтандырушыға ұсынатын өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы өтініш негізінде жүзеге асырылады.
84. Сақтандырушы мұндай өзгертулерді және (немесе) толықтыруларды енгізуге келісімін берген жағдайда, өтініш берілген күнге қарай барлық сақтандыру жарналары (сақтандыру сыйлықақылары) толық төленген шартында, сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар жазбаша енгізіледі және күшіне енеді:
- 1) Полисте тікелей көрсетілген (көрсетілетін) мәліметтерге қатысты - Жаңартылған полис шығарылған күннен бастап;
 - 2) полисте көрсетілген (көрсетілетін) мәліметтерді қоспағанда, сақтандыру туралы өтініште тікелей көрсетілген мәліметтерге қатысты - Сақтандырушының келісімін растайтын құжатта көрсетілген күннен бастап, ал егер күні көрсетілмеген болса, Сақтандырушы шығыс құжатты тіркеген күннен бастап.
85. Жаңартылған полис осыған дейін шығарылған полиске немесе осыған дейін шығарылған полистің телнұсқасына ауыстырылады. Жаңартылған полис ол

- шығарылған күннен бастап сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады, осыған дейін шығарылған полис (ал ол жоғалған кезде - телнұсқасы) күшін жоғалтады.
86. Сақтандыру шартына енгізілген өзгерістер күшіне енгеннен кейін осы Тараудың 83 және 84-тармағында көрсетілген құжаттар сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.
87. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін сақтандыру шартының талаптарына қатысты жаңа заңнамалық актілер қабылданған болса немесе қолданыстағы заңнамалық актілер өзгертілген болса, Сақтандырушы сақтандыру шартына толықтырулар және/немесе өзгертулер енгізуге құқылы.
88. Сақтандырушы сақтандыру шартына Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгертулер мен (немесе) толықтыруларды біржақты тәртіпте енгізуге құқылы.
89. Егер жазбаша хабарламада өзге күні көрсетілмеген болса, Сақтандырушы Сақтанушыны сақтандыру шартының барлық өзгертулері күшіне енгенге дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын осы өзгертулер туралы хабардар етеді. Сақтанушы сақтандыру шартының өзгертулерімен келіспеген жағдайда, Сақтандырушыны жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Егер Сақтанушы өзгертулер туралы хабарлама жіберілгеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыны сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзатыны туралы хабардар етпесе, Сақтанушы өзгертулермен келісті деп есептеледі.
90. Егер Сақтанушы сақтандыру шартын Сақтандыру ережесінің 88-тармағында атап өткен мән-жайларға байланысты бұзса (талаптарын біржақты өзгерту), Сақтандыру ереженің 19-Тарауында бекітілген салдарын орын алады.

4-бөлім. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда сақтандыру

21-тарау. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда сақтандырудың негізгі ережелері

91. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда сақтандыруға қатысты Сақтадыру ережесінің талаптары Полисте осы қосымша талап сақтандыру шартында тікелей қарастырылған, сондай-ақ Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтадыру жарналарын) толық мөлшерде төлеген жағдайда ғана әрекет етуді бастайды.
92. Сақтандыру ережесінің 22-Тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы басталған кезде, егер Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы Сақтандыру ереженің 23-тарауында көрсетілген талаптарды ескергенде, жазатайым оқиға салдарынан болса, өмірді мерзімді жеке сақтандырудың талаптары бойынша сақтандыру төлемдеріне қосымша ретінде Сақтандырушы осы Бөлімде көрсетілген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде қосымша сақтандыру төлемін жасауға міндетті.
93. Сақтандыру шарты сақтандыру сыйлықақысы/ бірінші сақтандыру жарнасы толық мөлшерде төлеген шартында, жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда, Сақтанушы Полисті «Полис жасалған (шығарылған) күні»

деген кесте жолында көрсетілген күні шығарған кезде сол күннен бастап өз күшіне енеді.

94. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болу жағдайында сақтандыруға қатысты Сақтандыру шартының әрекеті мына сәттен бастап тоқтатылады:

- 1) Сақтандыру шартының әрекеті аяқталған жағдайда;
- 2) Сақтандырылған тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген зейнетақы жасына жеткенде;
- 3) Сақтанушы Сақтандырушыға жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болу жағдайын сақтандыру бойынша сақтандыру шартының әрекетін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтінішті бергенде;
- 4) сақтандыру шартының талаптары бойынша тиесілі сақтандыру жарналарын толық мөлшерде төлемегенде;
- 5) Сақтандыру ережесінің 5-бөлімінде белгіленген сақтандыру төлемін қоспағанда, сақтандыру шартының шарттары бойынша бірінші орын алған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырғанда.

22-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі

95. Жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болуына байланысты сақтандырудың талаптары бойынша сақтандыру жағдайына (сақтандыру тәуекеліне), сақтандыру қорғанысы қолданысы кезеңінде, жазатайым оқиға орын алған күннен бастап алты ай ішінде Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы жатады.
96. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын жағдайлар Сақтандыру ережесінің 28-тармағында көрсетілген белгілерге ие болуы тиіс.

23-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар

97. Сақтандыру ережесінің 18-тарауында көрсетілген, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздемелерін қоспағанда, егер Сақтандырылған тұлғаның өлімі төмендегілермен тура немесе жанама түрде байланысты болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінен босатылатын болады:
- 1) бактериалды инфекция, кесіп алу немесе жарақаттанудан туындайтын инфекцияны қоспағанда;
 - 2) құзға шығумен, альпинизммен, парашютпен секірумен, аквалангпен суастында жүзумен айналысу, сонымен қатар раллиге, жарысқа, тау шаңғы спорт түрлерінен жарыстарға қатысу;
 - 3) кез келген ауру немесе жарық (грыжа);
 - 4) Сақтандырылған тұлғаның жазатайым оқиға салдарынан алған дене жарақатын емдеу үшін тікелей қажетті емдеу немесе отаны қоспағанда, медициналық немесе хирургиялық емдеу немесе ота, бірақ дене жарақатын алуға алып келген жазатайым оқиғадан кейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей;
 - 5) жүрек ұстамасы және апоплексикалық соққы.

24-тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері

98. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы жағдайында сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.
99. Сақтандыру жағдайы басталғандағы сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасына тең.
100. Сақтандыру шартының осы қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі, Сақтандырушы Сақтандыру ережесінің 25-тарауының 103-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде біржолғы төлеммен төлейді немесе жазбаша нысанда сақтандыру төлемін төлеуден себептемелі бас тартуын ұсынады.
101. Сақтандыру төлемін жасағанда, Сақтандырушы одан сақтандыру төлемі жасалған күні туындаған Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

25-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі тараптардың өзара қарым-қатынасына қатысты Сақтанушының (Пайда алушының) әрекеті және өзге ережелер

102. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы (Пайда алушы) оған сақтандыру жағдайының орын алуы туралы белгілі болғаннан кейін, ол бұл жайлы Сақтандырушыға дереу, бірақ кез келген жағдайда 40 (қырық) күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Егер Сақтанушыда (Пайда алушыда) орынды себептер бойынша Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алуы туралы жоғарыда көрсетілген мерзімде хабарлауға мүмкіндігі болмаған болса, ол уақтылы хабарламау себептері туралы жазбаша түсініктемені беруі керек және егер болса оны құжат жүзінде растауы керек.
103. Сақтандыру жағдайының орын алуын растау үшін Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруге міндетті:
 - 1) Сақтандыру ережесінің 17-бөлімінің 66, 67-тармақтарында қарастырылған құжаттарды;
 - 2) сақтандыру жағдайының белгілері бар, оқиғаның орын алуын растайтын, тиісті құзыретті органдардан (өрт, полиция қызметі) алдыртқан құжаттары;
 - 3) сақтандыру жағдайының басталу мән-жайына, себебіне байланысты құжаттарды (телнұқалары немесе нотариалды түрде куәландырылған көшірмелері);
 - 4) Сақтандырушының сұрататын сақтандыру жағдайына қатысты және/немесе Қазақстан Республикасының заңнасында қарастырылған құжаттары.
104. Егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде орын алған болса, Сақтандырушы берген мекеменің мөрімен куәландырылған жол-көлік оқиғасы бойынша материалдардың көшірмесін (оқиға орнын тексеру хаттамасы, жол-көлік оқиғалары схемасы, жол-көлік оқиғасы қатысушыларының түсініктемесі, мамандардың сараптамалық қорытындысы) сұратуға құқылы.

105. Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылған тұлғамен болған жағдай (жазатайым оқиға) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселе қаралған болса, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды тіркеу дерегі бойынша анықтаманы талап етуге құқылы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркеу жағдайында – қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы немесе соттың үкімі.
106. Сақтанушы (Пайда алушы) немесе Сақтанушының (Пайда алушының) тапсырмасы бойынша басқа тұлға өзінің қаражаты есебінен Сақтандырушының сұратуы бойынша осы Тарауда көрсетілген құжаттарды беруге, сонымен қатар Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу мән-жайын тергеуге көмектесуге міндетті.
107. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталу мән-жайын және себебін тексеруге құқылы.
108. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) қабылдаған құжаттардың толық тізімін және қабылдаған күнін көрсете отырып, анықтама беруге міндетті.
109. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алған құжаттарды, (қабылдаған) алған күнін көрсете отырып, оларды дереу тіркеуге міндетті.
110. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы оларға жетіспеген құжаттар туралы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының орын алуы туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар туралы хабарламаны жөнелтеді.
111. Сақтандырушы осы Тараудың 103-105-тармақтарында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы жағдайында сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға немесе жазбаша нысанда сақтандыру төлемін төлеуден себептемелі бас тартуын ұсынуға міндетті.

5-бөлім. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылған тұлға дене жарақатын алған жағдайда сақтандыру

26-тарау. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға дене жарақатын алған жағдайда сақтандырудың негізгі ережелері

112. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға дене жарақатын алған жағдайда сақтандыруға қатысты Сақтадыру ережесінің талаптары Полисте осы қосымша талап сақтандыру шартына тікелей қарастырылған, сондай-ақ Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтадыру жарналарын) толық мөлшерде төлеген жағдайда ғана әрекет етеді.
113. Осы Сақтандыру ережесінің 27-тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы басталғанда, Сақтанушы (Пайда алушы) жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға дене жарақатын алған жағдайда сақтандыру талаптарында белгіленген тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін алуға құқылы. Сақтандыру төлемінің мөлшері «Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемінің кестесіне»

сәйкес анықталады. «Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемінің кестесі» осы сақтандыру ережесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

114. Сақтандыру ережесінің 27-тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырылған тұлға Пайда алушы болып табылады.
115. Сақтандыру шарты сақтандыру сыйлықақысы/ бірінші сақтандыру жарнасы толық мөлшерде төлеген шартында, жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға дене жарақатын алған жағдайда, Сақтанушы Полисті «Полис жасалған (шығарылған) күні» деген кесте жолында көрсетілген күні шығарған кезде, сол күннен бастап өз күшіне енеді.
116. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға дене жарақатын алған жағдайдағы сақтандыруға қатысты Сақтандыру шартының әрекеті мына сәттен бастап тоқтатылады:
- 1) Сақтандыру шартының әрекеті аяқталған немесе тоқтатылған жағдайда;
 - 2) Сақтандырылған тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген зейнетақы жасына жеткенде;
 - 3) Сақтанушы Сақтандырушыға жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға дене жарақатын алған жағдайда сақтандыру бойынша сақтандыру шартының әрекетін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтінішті бергенде;
 - 4) сақтандыру шартының талаптары бойынша тиесілі сақтандыру жарналарын толық мөлшерде төлемегенде;
 - 5) Сақтандыру ережесінің 3,4 немесе 6-бөлімінде белгіленген сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырғанда.

27-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі

117. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру қорғанысы қолданысы кезеңінде дене жарақатын алуы сақтандыру шарты бойынша жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаның жарақат алу жағдайы сақтандыру жағдайына (сақтандыру тәуекеліне) болып табылады.
118. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын жағдайлар Сақтандыру ережесінің 28-тармағында көрсетілген белгілерге ие болуы тиіс.

28-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар

119. Сақтандыру ережесінің 18-тарауында көрсетілген, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздемелерін қоспағанда, егер Сақтандырылған тұлғаның дене жарақатын алуы тура немесе жанама түрде келесілерге байланысты болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінен босатылатын болады:
- 1) құзға шығумен, альпинизммен, парашютпен секірумен, аквалангпен суастында жүзумен айналысу, сонымен қатар раллиге, жарысқа, тау шаңғы спорт түрлерінен жарыстарға қатысу;
 - 2) жарық (грыжа);
 - 3) жазатайым оқиға салдарынан туындаған ауруларды қоспағанда, бұл ретте бұндай жазатайым оқиға сақтандыру арқылы қорғауы әрекет еткен кезде орын алған жағдайда, кез келген аурулар;

- 4) жүрек ұстамасы және апоплексикалық соққы;
 - 5) Сақтандырылған тұлғаның жазатайым оқиға салдарынан алған дене жарақатын емдеу үшін тікелей қажетті емдеу немесе отаны қоспағанда, медициналық немесе хирургиялық емдеу немесе ота, бірақ дене жарақатын алуға алып келген жазатайым оқиғадан кейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей.
120. Сақтандырушы «Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемінің кестесінде» қамтып көрсетілмеген, дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

29-тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері

121. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға дене жарақатын алған жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Полисте бөлек көрсетіледі.
122. Сақтандыру сомасының мөлшері сақтандырудың белгілі бір жыл ішінде (бірінші, кейінгі) Сақтандырылған тұлғаның жазатайым оқиға салдарынан дене жарақатын алған жағдайда сақтандыру бойынша бұрын жүргізілген сақтандыру төлемінің (жүргізілген сақтандыру төлемдерінің) сомасына автоматты түрде азайтылуға жатады. Сақтандыру сомасының мөлшері, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде толық көлемде төлеген жағдайда, сақтандырудың келесі жылы басталған күні қалпына келтірілуге жатады.
123. Сақтандырылған тұлғаның жазатайым оқиға салдарынан дене жарақатын алған жағдайда сақтандыру бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін Сақтандырушы «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесіне» сәйкес Полисте көрсетілген сақтандыру сомасынан (сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру қорғанысының әрекет ету кезеңінде басталған біріншісі бойынша) немесе осы тараудың 122-тармағының талаптарына сәйкес азайтылған сақтандыру сомасынан (кейінгі сақтандыру жағдайлары бойынша) пайыздармен айқындайды.
124. Бір жазатайым оқиға нәтижесінде орын алған және «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» бір бөлімінде айтылған бірнеше дене жарақаттары болған жағдайда, сақтандыру төлемі, сақтандыру төлемінің ең көп мөлшері бар жарақат көзделетін тармаққа сәйкес жүргізіледі.
125. Бір жазатайым оқиға нәтижесінде орын алған және «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» әртүрлі бөлімінде айтылған бірнеше дене жарақаттары болған жағдайда, сақтандыру төлемі әрбір дене жарақаты бойынша жеке жүргізіледі, бірақ сақтандыру төлемдерінің сомасы сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауы тиіс.
126. «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» бір тармағында көрсетілген бір немесе бірнеше дене жарақаттары болған жағдайда, сақтандыру төлемі, дене жарақаттарының санына қарамастан, осы тармаққа сәйкес бір рет анықталған мөлшерде жүргізіледі.
127. Сақтандыру төлемінің мөлшері бір аяқ-қол үшін дене жарақатының жағдайына белгіленген (егер «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің

кестесінде» басқаша айтылмаса), екі аяқ-қолдың ұқсас дене жарақаттары кезінде сақтандыру төлемінің мөлшері екі есе артады.

128. Кез келген жағдайда барлық сақтандыру төлемлерінің жалпы мөлшері сақтандыру сомасынан аспауы тиіс.
129. Сақтандыру арқылы қорғауы әрекет еткен кезде, дене жарақаттары салдарынан Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда, жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға дене жарақаттарын алған жағдайдағы сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдері төленбейді.

30-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі тараптардың өзара қарым-қатынасына қатысты Сақтанушының (Пайда алушының) әрекеті және өзге ережелер

130. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы (Пайда алушы) оған сақтандыру жағдайының орын алуы туралы белгілі болғаннан кейін, ол бұл жайлы Сақтандырушыға дереу, бірақ кез келген жағдайда 40 (қырық) күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Егер Сақтанушыда (Пайда алушыда) орынды себептер бойынша Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алуы туралы жоғарыда көрсетілген мерзімде хабарлауға мүмкіндігі болмаған болса, ол уақтылы хабарламау себептері туралы жазбаша түсініктемені беруі керек және егер болса оны құжат жүзінде растауы керек.
131. Сақтандыру жағдайының орын алуын растау үшін Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруге міндетті:
- 1) барлық қосымшаларымен бірге Полистің көшірмесін;
 - 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат, оның ЖСН;
 - 3) Пайда алушының банктік деректемелері, БСН, БСК, банк ЖСК, ағымдағы шоты немесе карт-шоты;
 - 4) Сақтандыру жағдайының белгілері, оның себебі, шығын мөлшері бар жағдайлардың орын алуын растайтын тиісті құзыретті органдардан (өрт қызметі, құқық қорғау органдары) берілетін құжаттар;
 - 5) Сақтандырылған тұлға өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында сақтандыру жағдайлары орын алғанда – өндірістегі жазатайым оқиға туралы акті немесе осындай актінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
 - 6) травматология пунктінің анықтамасы немесе медициналық мекеменің мөрімен расталған көшірмесі;
 - 7) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен және емдеу мекемесінің мөрімен бекітілген, медициналық картасынан (сырқаттану тарихынан) үзінділердің көшірмелері;
 - 8) берген мекеменің мөрі басылған амбулаторлық картаның көшірмесі;
 - 9) рентген-кескін бойынша рентгенологтың сипаттамасы немесе танысуға арналған рентген-кескіні (бар болған жағдайда);
 - 10) Сақтандырушының сұрататын сақтандыру жағдайына қатысты және/немесе Қазақстан Республикасының заңнасында қарастырылған басқа құжаттары.
132. Сақтандырушы сонымен қатар басқа да құжаттарды сұратуға құқылы:

- 1) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде орын алған болса, берген мекеменің мөрімен куәландырылған жол-көлік оқиғасы бойынша материалдардың көшірмесі (оқиға орнын тексеру хаттамасы, жол-көлік оқиғалары схемасы, жол-көлік оқиғасы қатысушыларының түсініктемесі, мамандардың сараптамалық қорытындысы);
 - 2) Уақытша еңбекке жарамсыздық парағы.
133. Егер құқық қорғау органдарымен Сақтандырылған тұлғамен болған жағдай (жазатайым оқиға) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселе қаралған болса, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды тіркеу дерегі бойынша анықтаманы талап етуге құқылы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркеу жағдайында – қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы немесе соттың үкімі.
 134. Сақтандырылған тұлға дәрігерлерді, күтім жасайтын тұлғаларды, медициналық мекемелерді және тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметкерлерін Сақтандырушының сұратуы бойынша Сақтандырылған тұлғаның денсаулығының жай-күйі туралы анықтама беруге уәкілетті етуге міндетті.
 135. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алынған құжаттарды оларды алған (қабылдаған) күнді көрсете отырып дереу тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) ұсынылған құжаттардың толық тізімін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып анықтама беруге міндетті.
 136. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың жетіспеушілігі туралы хабарламаны жөнелтеді.
 137. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері Сақтандыру ережесінің осы Тарауында көрсетілген барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.
 138. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның тапсырмасы бойынша басқа тұлға) Сақтандырушыға осы Тарауда көрсетілген құжаттарды ұсынуға, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталу мән-жайын тексеру барысында көмек көрсетуге міндетті.
 139. Сақтандырушы осы Тарауда көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап он бес күн ішінде сақтандыру төлемін жасауға немесе сақтандыру төлемін жасаудан себептемелі бас тартуын жазбаша түрде ұсынуға міндетті.
 140. Сақтандырылған тұлға дене жарақаттарын алған дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдары немесе сот тиісті шешім қабылдағанша және бұл шешім заңды күшіне енген сәтке дейін сақтандыру төлемін кейінге қалдыруға құқылы.
 141. Сақтандыру төлемі Сақтанушы (Пайда алушы) көрсеткен, банктік шотқа жүргізіледі.

142. Сақтандыру төлемін жасағанда, Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

6-бөлім. Сақтандырылған тұлғаға алғаш рет ауыр аурудың диагнозы қойылған жағдайда сақтандыру

31-тарау. Сақтандырылған тұлғаға алғаш рет ауыр аурудың диагнозы қойылған жағдайда сақтандырудың негізгі ережелері

143. Сақтандырылған тұлғаға алғаш рет ауыр аурудың диагнозы қойылған жағдайда сақтандыруға қатысты Сақтадыру ережесінің талаптары Полисте Сақтандырылған тұлғаға алғаш рет ауыр аурудың диагнозы қойылған жағдайда сақтандыру талабы сақтандыру шартына тікелей қарастырылған, сондай-ақ Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтадыру жарналарын) толық мөлшерде төлеген жағдайда ғана әрекет етеді.
144. Кез келген жағдайда Сақтандырылған тұлғаға алғаш рет ауыр аурудың диагнозы қойылған жағдайдағы сақтандыруға байланысты талаптар өмірді мерзімді жеке сақтандыру бойынша сақтандыру шартының талаптарына қатысты қосымша болып табылады және соңғы көрсетілген талаптарсыз сақтандыру шартына қосылуы мүмкін.
145. Сақтандыру ережесінің 32-бөлімінде көрсетілген сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның ауыр аурумен ауырған жағдайда сақтандыру талаптарында анықталған тәртіп пен мерзімде сақтандыру төлемін алуға құқылы.
146. Сақтандыру ережесінің 32-тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырылған тұлға Пайда алушы болып табылады.
147. Сақтандырылған тұлғаға алғаш рет ауыр аурудың диагнозы қойылған жағдайда сақтандыру бойынша сақтандыру арқылы қорғауы, Сақтандырылған тұлғаға алғаш рет ауыр аурудың диагнозы қойылған жағдайда сақтандыру бойынша сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап, егер осы мерзімге қарай бірінші сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) толық төленген болса, 90 (тоқсан) күнтізбелік күнге созылған кезең өткеннен кейін әрекет етуді бастайды.
148. Сақтандырылған тұлғаға алғаш рет ауыр аурудың диагнозы қойылған жағдайда сақтандыруға байланысты сақтандыру шарты, Сақтанушы сақтандыру шартында қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеген шартында, Полисте көрсетілген мерзім өткенге дейін әрекет етеді.
149. Сақтандырылған тұлғаға алғаш рет ауыр аурудың диагнозы қойылған жағдайдағы сақтандыруға қатысты Сақтандыру шартының әрекеті мына сәттен бастап тоқтатылады:
- 1) Сақтандыру шартының әрекеті аяқталған **немесе тоқтатылған** жағдайда;
 - 2) Сақтандырылған тұлға 65 жасқа жеткен;
 - 3) Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандырылған тұлғаға алғаш рет ауыр аурудың диагнозы қойылған жағдайда сақтандыру бойынша сақтандыру шартының әрекетін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтінішті бергенде;
 - 4) сақтандыру шартының талаптары бойынша тиесілі сақтандыру жарналарын толық мөлшерде төлемегенде;

- 5) Сақтандыру ережесінің 5-бөлімінде белгіленген сақтандыру төлемін қоспағанда, сақтандыру шартының шарттары бойынша бірінші орын алған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырғанда.

32-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі

150. Сақтандыру жағдайына Сақтандыру шарты қолданысы басталған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен ерте емес мерзімде алғаш рет диагностикалаған, егер сырқаты диагностикаланған сәттен бастап Сақтандырылған тұлға 30 (отыз) күнтізбелік күн өмір сүрсе және осы Сақтандыру ережелерінің 33-тарауында көрсетілген ауыр ауру бойынша анықтамаға сәйкес келетін Сақтандырылған тұлғаның ауыр аурумен ауруы болып табылады.
151. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын жағдай осы Сақтандыру ережесінің 28-тармағында көрсетілген белгілерге ие болуы тиіс.

33-тарау. Ауыр ауру

152. Инфаркт миокарда – қан айналымының жеткіліксіз болу себебінен миокарда учаскелерінің жансыздануы. Диагноз барлық үш белгісі арқылы негізделуі тиіс:
- 1) Төс жасушасындағы қалыпты ауру сезімінің болуы;
 - 2) ЭКГ типтік жаңа өзгерістер, мысалы, ST сегментінің немесе Т тісінің өзіне тән сипаттамасымен өзгерісі, берік сақталатын Q тісінің патологиясының қалыптасуы;
 - 3) қанның кардиоспецификалық ферменттерінің белсенділігін типті түрде арттыру. Диагноз бен зерттеу мәліметтерін білікті дәрігерлер (кардиологтар) растауы қажет.
153. Қалыпты ұлпаға метастаз және инвизияның, лейкемия, лимфа жүйесінің қатерлі ісігінің, сонымен қатар Ходжкин ауруының болуымен байланысты гистологиялық тұрғыдан бақылаусыз өсетін қатерлі ісік ретінде жіктелетін бір немесе бірнеше ісікпен танылған қатерлі ісігі, оларға кірмейтіндері:
- 1) инвазиялық емес қатерлі ісік - in situ;
 - 2) гистологиялық тұрғыдан қатерлі ісік алдындағы кезең деп сипатталатын ауру;
 - 3) Тері жабындарының қатерлік ісіктері және меланомдар, олардың максималды қалыңдығы, гистологиялық қорытындыға сәйкес 1.5 мм кем немесе TNM жіктемесі бойынша T3N(0)M(0) даму деңгейінен аспайды;
 - 4) бүртікті-ретикуляторлық қабатқа кірмейтін кез келген басқа қатерлі ісік;
 - 5) терінің барлық гиперкератоздары немесе базалдық-жасушалық карциномалары;
 - 6) басқа органдарға өсу болмаған жағдайдағы барлық эпителиді-жасушалық тері қатерлі ісігі;
 - 7) саркома Капоши және басқа да ВИЧ-инфекциямен немесе СПИД-пен қауымдастырылған қатерлі ісіктер;
 - 8) TNM жіктемесі бойынша T1 (сонымен қатар T1a, 1b, 1c) кезеңіндегі қуықалды безінің қатерлі ісігі;
 - 9) ВИЧ-инфекциясы және/немесе СПИД болған жағдайдағы қатерлі ісіктер;
 - 10) цервикальды интраэпителиальді неоплазияның барлық кезеңдері.

154. Екі бүйректің де қызметінің созылмалы қайтымсыз бұзылуымен сипатталатын терминалды кезеңдегі бүйрек жеткіліксіздігі, ол тұрақты түрде бүйрек диализін (гемодиализ немесе перитонеальді диализді) қолдануды немесе донорлық бүйректі трансплантациялауды талап етеді.
155. Ұзақтығы 24 (жиырма төрт) сағаттан асатын неврологиялық симптоматиканы шақыруға әсер ететін және ми ұлпалары учаскелерінің жансыздануына әкелетін, ми инфарктын тудыратын геморрагия және эмболияға әкелетін, диагноз қойылғаннан кейін 3 (үш) ай ішінде қалдық құбылыстардың сақталуына (неврологиялық симптоматика) әкелетін инсульт (ми инфаркты), оларға си қан айналымының ишемиялық бұзылыстарына және осы сияқты синдромдарға өтетін, бас миының жарақат алуы, мигрень негізінде туындайтын неврологиялық симптомдар.
156. Созылмалы қолқа ауруларын аортаның ақауы бар бөлігін кесу және трансплантпен ауыстыру арқылы қолқаның кеуде және/немесе ішперде бөлігінің ауруларын хирургиялы емдеу, оларға қолқаның тармақтарын хирургиялық емдеу кірмейді.
157. Сақтандыру қорғанысы кезеңінде орын алған сырқаттану салдарынан немесе жазатайым оқиға нәтижесінде екі көзінің толық, үнемі және қайтарымсыз көрмей қалуы.
158. Стеноз/жеткіліксіздік немесе осы күйлердің қатарласып келуі салдарынан қолқа, митральды, трикуспидальды немесе пульманальдық жүрек клапандарын олардың жасанды аналогтарымен ауыстыру, оларға вальвулотомия, вальвулопластика және клапандарды хирургиялық трансплантациясы (ауыстырусыз) өткізілетін емдеудің басқа да түрлері кірмейді.
159. Өмірлік қауіпті органдарды, мысалы жүректі, өкпені, бауырды, ұйқы безін, жіңішке ішек, бүйрек немесе жілік майын трансплантациялау, оларға басқа органдар мен ұлпаларды трансплантациялау кірмейді.
160. Жұлын-ми сұйықтығындағы сипатты өзгерістермен және магнитті-резонансты томографияда тіркелетін арнайы зақымдалулармен 6 (алты) ай ішінде демиелинизация және моторлы және сенсорлық функцияның бұзылуы типтік симптомдарымен шашыраңқы склероз.
161. Сақтандыру қорғанысы қолданыста болған кезең ішінде орын алған жазатайым оқиға салдарынан паралич немесе 3 (үш) ай бойы ішінде екі және одан артық аяқ-қол қозғалыс қызметін толық және тұрақты жоғалтуға әкелген жұлын аурулары, оларға Гийена-Барре синдромы кірмейді.
162. Стеноздалған немесе бітеліп қалған жүрек қан тамырларын жүрекке баратын қан тамырының ангиографиясы бар болса сырттай айналдыра тамырлы шунттау арқылы түзеу мақсатында Ашық тәсілмен жүрек қан тамырлары артерияларын хирургиялық емдеу, оларға артерияларға ангиопластика және/немесе басқа да манипуляциялар жасау, лапароскопиялық хирургиялық манипуляциялар жасау кірмейді.

34-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын және сақтандыруды шектейтін жағдайлар

163. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту негіздемелері:
 - 1) Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, Сақтандырылған тұлғаның денсаулығы, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы біле отырып жалған мәліметтер, сонымен қатар

- Сақтандыру ережесіне сәйкес Сақтандырушыға берілуі тиіс басқа да мәліметтерді беруі;
- 2) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу мән-жайларын тергеуге кедергі келтіруі;
 - 3) Сақтандыруға сақтандыру жағдайының орын алуы туралы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 835-бабында белгіленген шарттарда Сақтандыру ережесінде белгіленген мерзімде хабарламауы.
164. Сақтандырушы егер сақтандыру жағдайысақтандыру қорғауы әрекет еткен кезде орын алса, растайтын құжаттары бар болған жағдайда тура немесе жанама түрде келесілерге байланысты болса, сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы:
- 1) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жарақат әсері;
 - 2) әскери әрекеттермен, Сақтандырылған тұлғаның әскери құрылымдарда қызмет етуі;
 - 3) азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе көтеріліс;
 - 4) қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілікте жасалатын әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана әрекеттері (растайтын құжаттар болған жағдайда);
 - 5) Сақтандырылған тұлғаның заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;
 - 6) медициналық мекемелердің білікті дәрігерлері тағайындаған дәрі-дәрмектерді қабылдау жағдайын қопағанда, Сақтандырылған тұлғаның есірткі қолдануы, токсикоаникалық немесе басқа да мастану күйінде болуы;
 - 7) алкогольизм, ішімдік ішумен себепті-тергеу байланысы бар аурулар, атап айтқанда ішімдікті тұрақты пайдалануға байланысты асқынған алкогольдік кардиомиопатия, алкогольдік бауыр циррозы, алкогольдік кома, алкогольдік бауырдың май дистрофиясы, алкогольдік гепатит, алкогольдік панкреатит, алкогольдік энцефалопатия, алкогольдік делирия (психоздар, галлюциноздар), алкогольдік абстиненттік синдром, алкогольдік полинейропатия (растайтын құжаттар болған жағдайда);
 - 8) маскүнемдік, алкогольді қабылдаумен байланысты себепті-салдарлы байланысы бар аурулар, алкогольді жүйелі түрде қабылдауына байланысты бұл аурулардың дамуы;
 - 9) ВИЧ-инфекциямен сырқаттану.
165. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алуы туралы хабарламау, егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы уақтылы білгендігі дәлелденбеген болса немесе Сақтандырушыда ол туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жасау міндеттемелеріне қатысты болмаған жағдайда сақтандыру төлемінен бас тартуға құқық береді. Егер Сақтандырушы (Пайда алушы) орынды себептер бойынша Сақтандырушыға жоғарыда көрсетілген мерзімде сақтандыру жағдайының орын алуы туралы хабарлауға мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол

уақтылы хабарламау себептері жазбаша түсініктеме беруге міндетті және егер болған болса растайтын құжаттарды қоса ұсынады. Бұл ретте, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы уақтылы хабарламау немесе хабарламау Сақтанушының еркінен тыс себептермен түсіндірілетін болса және осы деректі растайтын тиісті құжаттар берілген болса, онда бұл жағдайда хабарламау немесе уақтылы хабарламау Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін негіздеме болмайды.

166. Сақтандырушы Сақтандыру ережесінің 33-тарауына сәйкес ауыр аурудың анықтамасына сәйкес келмейтін кез келген сырқаттар бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.
167. Сақтандырушы егер диагноз сақтандыру қорғанысы қолданыста болу кезеңі басталғанға дейін белгіленген болса (бірінші диагностика) сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға құқылы.

35-тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері

168. Сақтандырылған тұлғаға алғаш рет ауыр аурудың диагнозының қойылуына қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.
169. Сақтандыру жағдайы басталғанда сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру сомасынан 100% тең.
170. Сақтандыру төлемі Сақтандыру ережесінің 6-бөлімінде белгіленген ауыр аурудың диагнозы алғаш рет қойылған жағдайда төленеді, бұл ретте бірінші сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жасағаннан кейін осы Ереженің талаптары бойынша ешқандай сақтандыру төлемдері төленбейді, сақтандыру шартының қолданысы тоқтатылады.
171. Сақтандыру қорғанысы әрекет ететін кезеңде алғаш рет Сақтандырылған тұлғаға ауыр аурудың диагнозы қойылған жағдайда сақтандыру бойынша сақтандыру төлемі Сақтандырылған тұлғаға ауыр аурудың диагнозы қойылған күннен басталатын ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күн болатын уақыт кезеңі аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады. Сақтандырушы Сақтандыру қорғанысы әрекет ететін кезеңде алғаш рет Сақтандырылған тұлғаға ауыр аурудың диагнозы қойылған жағдайда сақтандыру бойынша сақтандыру төлемі Сақтандырылған тұлғаға ауыр аурудың диагнозы қойылған күннен басталатын ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күн болатын уақыт кезеңі аяқталғаннан кейін жүзеге асырылуы бойынша, егер Сақтандырылған тұлға осы тармақта белгіленген кезең аяқталған күннен кейінгі келесі күні тірі болу шартында өзіне міндеттеме алады.
172. Сақтандырылған тұлғаға ауыр аурудың диагнозы қойылған жағдайда сақтандыру бойынша сақтандыру төлемі Сақтандырылған тұлғаға ауыр аурудың диагнозы қойылған күннен басталатын ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күн болатын уақыт кезеңі аяқталғаннан кейін қайтыс болған жағдайда төленбейді.
173. Сақтандыру төлемін жасағанда Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

36-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі тараптардың өзара қарым-қатынасына қатысты Сақтанушының (Пайда алушының) әрекеті және өзге ережелер

174. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайы басталғаны туралы мәлім болған соң ол туралы Сақтандырушыға тез арада хабарлауға міндетті, бірақ қандай жағдай болмасын сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннен кешіктірмеуі тиіс.
175. Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру қорғанысы әрекет еткен кезеңде алғаш рет диагностикадан өткізілген сақтандыру жағдайы қатерлі ауруы басталғанда Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:
- 1) барлық қосымшаларымен бірге полистің көшірмесі;
 - 2) Пайда алушының басын куәландыратын құжат, ЖСН;
 - 3) Пайда алушының банктік деректемелері: БСН, БСК, банктің ЖСК, ағымдағы немесе карт-шот;
 - 4) медициналық мекеме берген, осы мекеменің мөрімен және дәрігерінің қолымен расталған, стационарлық/амбулаторлық медициналық картадан (ауру тарихы) көшірмесі;
 - 5) диагноз негізінде қаланған зерттеу нәтижелері;
 - 6) жалпы клиникалық (инвазиялық емес) зерттеу әдістерінің мәліметтері:
 - биохимиялық зерттеу мәліметтері;
 - вирусологиялық зерттеу мәліметтері;
 - гематологиялық зерттеу мәліметтері;
 - вирусологиялық зерттеу мәліметтері;
 - иммунологиялық зерттеу мәліметтері;
 - гистологиялық зерттеу мәліметтері;
 - микробиологиялық зерттеу мәліметтері;
 - молекулярлы-биологиялық зерттеу мәліметтері;
 - химиялық-токсикологиялық зерттеу мәліметтері;
 - генетикалық зерттеу мәліметтері;
 - цитологиялық зерттеу мәліметтері;
 - сәулелік диагностикалық зерттеу мәліметтері (компьютерлік томография, магнитті-резонансты томография, радионуклидті, ультрадыбыстық, рентгенологиялық диагностикалар, термография);
 - функционалды диагностиканың зерттеу мәліметтері (электрокардиография, ас қорыту жолдары арқылы кардиостимуляция, велоэргометрия, электроэнцефалография, реография, миография, спирография, ангиография, энцефалоскопия және т.б.);
 - эндоскопиялық диагностиканың зерттеу мәліметтері (бронхоскопия, фиброгастродуоденоскопия, колоноскопия, цистоскопия, гистероскопия және т.б.); қажет болған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру жағдайының

орын алу себебін оларсыз белгілеу мүмкін емес, сонымен қатар сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін қажетті қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

- 7) «ауыр ауру» диагнозын қою және оны растау үшін мәліметтер жеткіліксіз болған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандырылған тұлғаны Сақтандырушының өзі көрсеткен медициналық мекемеде қосымша тексеруді тағайындауға құқылы болып қала береді.
176. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алынған құжаттарды оларды алған (қабылдаған) күнді көрсете отырып дереу тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) ұсынылған құжаттардың толық тізімін және оларды қабылдау күнін Сақтанушының (Пайда алушының) жазбаша сұратуы бойынша көрсете отырып анықтама беруге міндетті.
177. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың жетіспеушілігі туралы хабарламаны жөнелтеді.
178. Сақтандырылған тұлға дәрігерлерді, күтім жасайтын тұлғаларды, медициналық мекемелерді және тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметкерлерін Сақтандырушының сұратуы бойынша Сақтандырылған тұлғаның денсаулығының жай-күйі туралы анықтаманы беруге уәкілетті етуге міндетті.
179. Сақтандырушы сұратуда көрсетілген күнгі жағдай бойынша Сақтандырылған тұлғаның толық медициналық диагнозынан тұратын, денсаулығы туралы анықтама, уақытша жұмысқа қабілетсіздігі туралы парақшаны, берген мекеменің мөрімен расталған сот-медицина сараптамасының көшірмесін сұратуға құқылы.
180. Сақтандырушы құқылы:
- сақтандыру жағдайының басталу мән-жайын және себептерін тексеруге;
- сақтандыру жағдайына қатысты ақпаратқа ие болуы мүмкін үшінші тұлғалаға сұрауларын жіберуге;
- Сақтандырылған тұлғаны қосымша медициналық тексеруін, сонымен қатар сақтандыру жағдайының мән-жайын, себептерін және салдарын тексеру үшін Сақтандырушы тағайындаған дәрігерлерден талап етуге.
181. Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылған тұлғамен болған жағдай (жазатайым оқиға) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселе қаралған болса, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды тіркеу дерегі бойынша анықтаманы талап етуге құқылы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркеу жағдайында – қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы немесе соттың үкімі.
182. Осы Тарауда көрсетілген құжаттарды толық көлемде алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімін немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан себептемелі бас тартуын түсіндіруі тиіс. Сақтандыру жағдайы бойынша қылмыстық іс қозғалған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдары немесе сот тиісті

шешімді қабылдаған күнге дейін сақтандыру төлемінің мерзімін кейінге қалдыруға құқылы.

183. Сақтандыру төлемі Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған соң 15 (он бес) жұмыс күні ішінде біржолғы төлеммен төленеді.
184. Сақтандыру төлемі Пайда алушы көрсеткен банктік шотқа жүргізіледі. Егер төлем немесе аударым Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын болса, төлем немесе Сақтандыру төлемдері ақшасын аудару бойынша шығындар Сақтандырушы есебінен жүзеге асырылады.
185. Сақтандыру төлемін жасағанда, Сақтандырушы одан сақтандыру төлемі жасалған күні туындаған Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

7-бөлім. Қорытынды ережелер

37-тарау. Сақтанушының орналасқан жері немесе тұрғылықты жерінің өзгеруі

186. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыруға өтініште көрсетілген орналасқан жері немесе тұрғылықты жері бойынша хабарлама жібереді.
187. Орналасқан жері немесе тұрғылықты жері өзгерген жағдайда Сақтанушы он күн ішінде Сақтандырушыға ол туралы хабарлауы тиіс. Хабарламаған жағдайда бұрығы орналасқан немесе тұрғылықты жері бойынша жіберілген хабарлама тараптармен орындалған (жарамды) болып саналады.
188. Егер Сақтанушының орналасқан жері немесе тұрғылықты мекенжайы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде болатын болса, онда Сақтанушы Қазақстан Республикасындағы Сақтанушыға хат-хабарды жеткізу үшін жауапты сенімді тұлға Сақтандырушыға көрсетуге міндетті.

38-тарау. Қосымша шарттар

189. Қазақстан Республикасының аумағында жарияланған шектеулер, оның ішінде карантин және (немесе) төтенше жағдай кезеңінде Сақтандыру шартын жасауға Сақтанушы (сондай-ақ қажет болған жағдайда Сақтандырылған тұлға) қол қойған сканерленген көшірмесі (фото) негізінде жол беріледі. Сақтанушы жоғарыда көрсетілген тәсілмен берген сақтандыруға арналған өтінішті Сақтандырушы Сақтанушы сақтандыру сыйақысын (бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген жағдайда түпнұсқа деп қабылдайды. Сақтандыруға арналған осындай өтініш негізінде шығарылған полистің сканерленген көшірмесі сақтанушыға ол көрсеткен электрондық мекенжайға, кейіннен оның түпнұсқасын сақтанушыға ұсына отырып жібереді.
190. Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемін төлеу қажеттілігі туралы талап, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса тіркеу арқылы электрондық форматта, электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде алдын ала жіберілуі мүмкін. Бұл ретте электрондық нысандағы сақтандыру төлемі жайлы талап, өтініш берушіні Сақтандырушының тұратын жері бойынша Сақтандырушыға қажетті құжаттарды беруден босатпайды.
191. Сақтанушы мен сақтандырушының келісімі бойынша сақтандыру ережесінің бөлек талаптарын, сонымен қатар сақтандыру шартын жасасу барысында айқындалатын және сақтандыру полисінде қамтып көрсетілген қосымша талаптарды алып

тастайтын, өзгертулерді енгізуді қарастыратын сақтандыру шарттары жасалуы мүмкін.

192. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар, өтініштер, ескертулер, түсініктемелер жазбаша түрде, оның жіберілгенін растайтындай тәсілмен жасалуы тиіс.
193. Тараптар сақтандыру шартын орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Сақтандыру ережесіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік алады.
194. Сақтандыру шартымен реттелмеген тараптар арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Сақтандыру ережесіне сәйкес реттеледі.
195. Полисті жоғалтқан жағдайда Сақтанушы Сақтандырушыға ол туралы ескертуі тиіс және Полистің телнұсқасын алуға өтініш беруі тиіс. Полистің телнұсқасын бергені үшін Сақтанушы екі жүз теңге мөлшерінде ақы төлеуі тиіс. Сақтандырушы полистің тиісті телнұсқасын берген соң жоғалған Полис жарамсыз болып саналады.
196. Сақтандыру шартын жасаған тараптар арасындағы барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Егер мұндай даулар келіссөз арқылы шешілмесе, жауапкердің орныласқан жері бойынша сот тәртібінде шешіледі.
197. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгеруіне байланысты осы Сақтандыру ереженің жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасы қайшы келіп жатса, бұл ережелер Сақтандыру ережесіне тиісті өзгертулер енгізбестен, автоматты түрде күшін жояды. Осы Сақтандыру ережесінің біреуі жарамсыз болса, ол қалған ережелерге қатысты емес. Жарамсыз ереже заңды түрде рұқсат етілген және тиісті қатынастарды реттейтін өзге ережемен алмастырылады.
198. Осы Сақтандыру шарты қазақ және орыс тілдерінде жасалды. Сақтандыру шартының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері сәйкес келмеген жағдайда, Сақтандыру ережесінің орыс тіліндегі мәтініне басымдық беріледі.